

6B01403 «МУЗЫКА МҰҒАЛІМІН ДАЯРЛАУ»

БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ

Білім беру саласының коды және атауы: 6B01 Педагогикалық ғылымдар

Даярлау бағытының коды және атауы: 6B014 Жалпы дамудың пәндік мамандандырылған мұғалімдерін даярлау

Берілетін дәрежесі: 6B01403 «Музыка мұғалімін даярлау» білім беру бағдарламасы бойынша білім бакалавры

Бағдарламаның типі: бакалавриат, 6 деңгей ҰБШ/СБШ/ХСБЖ

Жалпы кредит көлемі: 240 академиялық кредит/240 ECTS

БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ ПАСПОРТЫ

Бітірушінің кәсіби қызмет саласы

«Музыка мұғалімін даярлау» мамандығы бойынша білім бакалавры өзінің кәсіби қызметін білім беру саласында атқарады.

1.2 Бітірушінің кәсіби қызметінің нысандары:

- негізгі және бейіндік мектептер;
- мамандандырылған мектептер;
- орта білімнен кейінгі техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдары болып табылады.

1.3 Бітірушінің кәсіби қызметінің түрлері:

- оқыту;
- тәрбиелеу;
- әдістемелік;
- зерттеу;
- әлеуметтік-коммуникативтік.

1.4 Бітірушінің кәсіби қызметінің міндеттері

Оқытушылық:

- білім алушыларды оқыту мен дамыту;

- кәсіптік қызметінде оқыту мен тәрбиелеу процесін ұйымдастыру;
- педагогикалық процесті жобалау және басқару;
- педагогикалық қызметтің нәтижелерін болжау, коррекциялау және диагностикалау.

Тәрбиелік:

- білім алушыларды әлеуметтік құндылықтар жүйесіне тарту;
- педагогикалық процестің заңдары, заңдылықтары, принциптері, тәрбиелік механизмдеріне сәйкес оқу-тәрбие жұмыстарын іске асыру;
- сыныптан тыс тәрбие жұмысын жоспарлау;
- нақты тәрбиелік міндеттерді шешу;
- сыныптан тыс жұмыстарда оқушыларды оқыту мен тәрбиелеудің әр түрлі формалары мен әдістерін пайдалану;
- оқушылар ұжымымен, пән мұғалімдерімен, ата-аналармен байланыс орнату;

Әдістемелік:

- білім беру процесін әдістемелік қамтамасыз етуді жүзеге асыру;
- білім беру мазмұнын әр түрлі деңгейде жоспарлау;
- оқу процесін ұйымдастыру және жүзеге асыру әдістерін анықтау;
- оқыту процесінде жаңа педагогикалық технологияларды қолдану.

Зерттеушілік:

- білім мазмұнын меңгеру деңгейін зерделеу және білім ортасын зерттеу;
- ғылыми-әдістемелік әдебиеттерді зерделеу;
- білім беру саласындағы озық педагогикалық тәжірибелерді талдау және жалпылау;
- педагогикалық эксперимент өткізу, оның нәтижелерін оқу процесіне енгізу.

Әлеуметтік коммуникативтік:

- кәсіби қоғамдастықпен және білімнің барлық мүдделі тараптарымен өзара әрекеттесуді жүзеге асыру;
- көп мәдениетті тұлғаны қалыптастыру;
- білім алушылардың тәрбиеленуі мен дамуына қолайлы жағдай жасау және оларға педагогикалық қолдау көрсету.

БІТІРУШІНІҢ МОДЕЛІ

1. **Пәндік білімі:** өзінің пәндік саласын терең және толық түсінеді, кәсіби қызметінде білімін қолданады.
2. **Ұйымдастырушы-әдістемелік қабілеті:** кәсіби қызметін жоспарлауда, ұйымдастыру мен басқаруда инновациялық технологияларды қолданады, кешенді проблемаларды шешуде *сыни ойлау мен креативтілік* танытады.
3. **Зерттеушілік дағдысы:** ғылыми-әдістемелік зерттеу жұмыстарын жүргізеді, ғылыми-ізденіс жұмыстарына шәкірттерін баулиды.
4. **Көшбасшылық және кәсіпкерлік дағдысы:** команда да жұмыс істей алады, қоғамды жаңарту процесінде белсенділік танытады.
5. **Мәдени құзыреттілік:** өз елінің мәдениетті және толерантты азаматы болу қабілетіне ие.

6. **Өмір бойы оқу қабілеті:** өз қабілеті мен мүддесін қоғам сұранысымен үйлестіреді.

7. **Ақпараттық дағдысы:** ақпараттық қоғамның мәнін түсінеді, кәсіби қызметінде АКТ-ны пайдаланады.

БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ БОЙЫНША КҮТІЛЕТІН ОҚУ НӘТИЖЕЛЕРІ

ББ бойынша оқу нәтижелері: Осы ББ-ны табысты аяқтағаннан кейін студенттер төмендегі қабілеттерге ие болуы тиіс:

- **ON1** – алған білімдерінің негізінде шығармашылық идеяларын іске асыруда вокалды-дирижерлық шеберліктерін және музыкалық аспаптарды игеруді көрсете білу;
- **ON2** – музыкалық зерттеулерге тұжырымдар мен ой-қорытулар жасауда шығармашылық тұрғыдан жүйелі ойлау негізінде білімін практикада қолдана алу;
- **ON3** – оқушыларды сыни ойлауға, проблеманы шығармашылықпен бірлесе шешуге тарту мақсатында пәннің негізгі концепциялары мен зерттеу құралдарын және құрылымын айқындай білу;
- **ON4** – танымдық, орындаушылық және жинақтаушылық зерттеулерде музыкалық креативтік шығармашылық негізінде кәсіби мәселелерді шешу жолдарын талдай білу;
- **ON5** – музыка саласындағы пәндер бойынша таңдалған мақсатқа сәйкес оқу жетістіктерін критериалды бағалауды және диагностикалауды қолдана білу;
- **ON6** – кәсіби шығармашылық деңгейін көтеру және ортақ мақсатқа жету үшін командада және көшбасшылықта креативтілік және коммуникативтілік көрсете білу;
- **ON7** – пәндерді оқытуда АКТ-ны және цифрлық білім ресурстарын пайдалану;
- **ON8** – педагогикалық инновациялық технологияларды оқыту мен тәрбиелеудің мақсат-міндеттеріне, күтілетін нәтижелеріне және оқушылардың физиологиялық ерекшеліктеріне сәйкес қолдана білу;
- **ON9** – оқушының тұлғалық сапасын қалыптастыруда, өмір бойы білім алуда пәнаралық білімді интеграциялай білу;
- **ON10** – технологияларды қолдану мен инклюзивті білім беру тәжірибесінде, даулы жағдайларда туындаған проблемаларды шешудің креативтілігін бағалай білу.

Пәндер туралы мәліметтер

№	Пәндердің атауы	Пәндердің қысқаша сипаттамасы	Кредит саны	Күтілетін нәтижелері (коды)									
				ON1	ON2	ON3	ON4	ON5	ON6	ON7	ON8	ON9	ON10
ЖАЛПЫ БІЛІМ БЕРЕТІН ПӘНДЕР ЦИКЛІ													
Жоғары оқу орны компоненті /Таңдау компоненті													

1	Құқықтық, экономикалық және экологиялық білім	Экономика мен бизнес, ҚР құқықтық жүйесі және заңнамасы, мемлекеттік-құқықтық және конституциялық дамуы, сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет негіздері, экология және өмір қауіпсіздігі салаларына қатысты негізгі ұғымдар қарастырылады. Заңнамалық-тұжырымдамалық құжаттарды талдау мен қолданудың әдіс-тәсілдері, тұлғааралық қарым-қатынаста коммуникативтілік, ақпараттық мәдениет көрсету, пәнаралық білімді интеграциялау, даулы жағдайларда проблемаларды шешудің креативтілігін бағалау жолдары сипатталады.	5						+		+	+
БАЗАЛЫҚ ПӘНДЕР ЦИКЛЫ Жоғары оқу орны компоненті												
2	Оқушылардың физиологиялық және психологиялық дамуы	Оқушылардың психологиялық-физиологиялық тұрғыдан даму заңдылықтары, жасөспірімдердің анатомия-физиологиялық, психологиялық ерекшеліктері, жеке басының қалыптасуы, денсаулығын сақтауға, нығайтуға, қабілеттерін айқындау мен дамытуға қатысты мәселелер қарастырылады. Оқытушы мен оқушы арасындағы қарым-қатынасты бекіту, балалардың денсаулығын қорғау, дене шынықтыру, еңбекке баулу жұмыстарын ұйымдастырудың әдіс-тәсілдері, тұлғааралық қарым-қатынаста коммуникативтілік, ақпараттық мәдениет көрсету, пәнаралық білімді интеграциялау жолдары сипатталады.	5					+		+	+	
3	Педагогика және тәрбие жұмысының әдістемесі	Педагогика ғылымының мақсат-міндеттері, категориялары, құрылымы, әдіснамалық негіздері, негізгі даму кезеңдері, педагогикалық процесстің түсініктері, оқу-тәрбие жұмыстарының формалары, әдістері, құралдары, инновациялық технологиялары қарастырылады. Тәрбие тұжырымдамалары, мектеп	5				+	+		+	+	+

		пен сыныптың тәрбиелік жүйесі, тәрбие жұмысының диагностикасы, жоба жұмыстарын орындауда коммуникативтілік, ақпараттық мәдениет көрсету, пәнаралық білімді интеграциялау, даулы жағдайларда проблемаларды шешудің креативтілігін бағалау жолдары сипатталады.											
4	Инклюзивті білім берудегі арнайы педагогикалық технологиялар	Инклюзивті білім беру жүйесінің негізгі ұғымдары мен ерекшеліктері, инклюзивті білім беру жағдайында оқу-тәрбие процесінде психологиялық-педагогикалық қолдау көрсетудің заманауи моделдері мен оны практикада іске асыру жолдары қарастырылады. Инклюзивті білім беру тәжірибесінде инновациялық технологияларды қолдану, проблемаларды шешудің креативтілігін бағалау, жоба жұмыстарын орындауда коммуникативтілік, ақпараттық мәдениет көрсету, пәнаралық білімді интеграциялау жолдары сипатталады.	5		+				+		+	+	+
5	Арнайы дайындық I	Аспаптық және дирижерлық қойылымдардың, бір октава көлемінде гамма, шағын шығарма ойнау негіздерін, дирижерлауда қарапайым өлшемдерін, амплитудаларының теорияларын, музыкалық мәтіндердің талдауын қарастырады. Арнайы аспапта, жалпы фортепианода ойнауда және дирижерлауда жеке дайындық негіздерін интеграциялау арқылы қалыптастырады.	5		+	+							+
6	Арнайы дайындық II	Аспаптық және дирижерлық дайындықты, гамма, шағын шығарма ойнау негіздерін, дирижерлау негіздерін, сольфеджиолауды, талдауын (тональдікті анықтауды, шығарманың өлшемін) жан-жақты қарастырады. Арнайы аспапта ойнауда және дирижерлауда жеке дайындық негіздерін интеграциялау арқылы қалыптастырады.	3			+	+						+

7	Аспаптық және дирижерлық дайындық	Аспапты орындауда, дирижерлауда позициядан позицияға дұрыс ауысу, қарапайым штрихтарды қолдану, аппликатураны дұрыс қоюдың техникасын қарастырады. Қарапайым өлшемдерде берілген шығармаларды аспапта орындау арқылы дыбыс тазалығын сақтау, дирижерлауда ауфтактты дұрыс көрсетуді сипаттайды.	5	+	+		+	+						
8	Музыканы оқыту әдістемесі	Музыка сабағын жаңартылған бағдарлама бойынша оқытудың әдіс-тәсілдерін, мазмұнын, түрлерін, оқыту әдістерінің классификациясын, оқу сабақтарын жоспарлауын, пәннің ерекшеліктерін қарастырып, коммуникативтілік қабілетін дамытады. Музыка сабақтарында АКТ-ны, арнайы цифрлық білім ресурстарын пайдаланып, би және сурет салу өнерлерін музыка пәніне интеграциялауды сипаттайды.	5			+		+	+	+	+	+	+	+
9	Музыка пәнін оқытудың дербес әдістемесі	Музыка пәнін дербес оқытуда оқушылардың физиологиялық жас ерекшеліктерін ескере отырып, әдебиет, тарих, математика пәндерімен интеграциялап, педагогикалық инновациялық технологияларды оқытады. Сонымен қатар, сыныптан тыс музыкалық тәрбие жұмыстарын ұйымдастыру мен өткізудің теориялық және әдістемелік, музыкалық-орындаушылық, жан-жақтылық, зерттеушілік білімі мен дағдыларын қалыптастырып, шығармашылық ізденіске баулиды.	5		+	+	+				+	+		
10	Мектептегі оқыту мен бағалаудың жаңа тәсілдері	Музыка пәнін оқу мен оқытудағы жаңа тәсілдерін, дифференциалды бағалаудың тәсілдерін, диагностикалаудың негіздерін, білім беруде және оқытуда ақпараттық коммуникациялық технологияларды жас ерекшеліктеріне сәйкес пайдалана отырып, мектептегі оқыту мен басқару және өзін-өзі бағалаудың негіздерін сыни ойлау	5			+		+	+	+				

		тұрғысынан қарастырады.												
11	Инновациялық технологиялар және мектепте музыканы оқыту процесін ұйымдастыру	Мектепте музыка сабағында педагогикалық инновациялық технологияларды пайдаланудың тәсілдерін, электронды фонотека, ноталық библиотека, Audacity, Soundation, Windows Movie maker, «киностудия» компьютерлік бағдарламаларын, Encore ноталық редакторын қолданудың, топтық жұмыста креативтілік және коммуникативтілік танытудың негіздерін үйретеді.	5			+			+	+	+			
БАЗАЛЫҚ ПӘНДЕР ЦИКЛЫ Таңдау компоненті														
12	Хор және аспаптық ансамбль	Хор ұжымында жұмыс жасауда және аспаптық ансамбльде орындауда дұрыс тыныс алу, дыбыс тазалығы, басқа аспаптарды тыңдай отыра орындау және дикцияны сақтау негіздерін үйретеді. Музыкалық шығарманы мәнерлі орындауда туындаған проблемаларды шығармашылық тұрғыда шешуді, шығармашылық деңгейді көтеруде аспаптық ансамбльдегі әртүрлі аспаптардың құлақ күйін таза келтіруді, ансамбльдік орындауды көздейді.	8	+	+			+	+	+				
	Хор практикасы және ансамбльдік орындау	Хор практикасында шығарманың мәтіні мен әуенін, хор партитурасын клавиірмен және жеке орындаушы партиясымен байланыстыру негіздерін, ансамбльдік орындауда аспаптық сүйемелдеудің ерекшеліктерін, орындаушылардың бір-бірін тыңдап ойнауын үйретеді. Шығармашылық деңгейді көтеру мақсатында топтық қарым-қатынаста тиімді жұмыс жасауды анықтайды.												
13	Аралас хор және фольклорлық ансамбль	Аралас хорда ерлер мен әйелдер дауыстарын ажырату негіздерін, дауыс ерекшеліктерін, берілген партияның нотасын бірден оқуды, фольклорлық ансамбльдің аспаптар құрамын, аспаптардың												

		дыбысталуы мен орындалу ерекшеліктерін қарастырады. Алған білімдерінің негізінде топтық жұмыс жасауда шығармашылық белсенділік танытуды сипаттайды.												
	Хор және ансамбль негіздері	Хордағы ансамбльдік әртүрліліктерді ажыратуды, дауыс құрамдары бойынша жұмыс жасау проблемаларын шығармашылық тұрғыда шешуді, шығарманы фортепианоның сүйемелдеуімен орындауды үйретеді. Вокалдық ансамбль мен хор ұжымдарының құрамында әр орындаушы өз партиясын дұрыс орындап, партиямен өзіндік жұмыс жасауды көздейді.	6	+	+	+	+	+	+					
14	Жиынтық хор және оркестр	Хор құрамында ән айтуда басқа дауыстарды тыңдап, топпен жұмыс жасауда өз партиясынан ауытқымауды үйретеді. Кәсіби орындаушылық деңгейін көтеру мақсатында партияларды бірден оқып, үнемі жаттығуда гармониядан алған ақпараттарды қолдана отырып, оркестрдегі музыкалық үндестікті сезінуді анықтайды.												
	Вокалды-хор ансамблі және этноансамбль	Вокалды-хор және этноансамбльмен жұмыс жасауда вокалдық, аспаптық шығармалардың музыкалық және орындаушылық ойын өз бетінше қалыптастыруды үйретеді. Кәсіби деңгейін көтеру мақсатында ұжыммен дайындық жұмысында халық аспаптарымен қосылып орындау шеберлігі мен дағдыларын қолдауын көздейді.	5	+	+	+	+		+				+	
15	Біріккен хор	Біріккен хорда шығармашылық белсенділікті оятып, а-sarella орындауда интонацияны, дыбыстық балансты сақтауды үйретеді. Көркемдік шығармашылыққа қызығушылықты, командада жұмыс жасауда креативтілік пен коммуникативтілікті танытып, хордың тәрбиелік және ұйымдастырушылық мүмкіндіктері арқылы												

		кәсіби деңгейін көтеруге баулиды.	5		+	+		+	+				
	Хормен ән айту	Хорда шығармамен жұмыс жасауда нақты және мәнерлі дыбыстауды, дұрыс дыбыс шығару дағдыларын меңгеруде ұжымдық жұмыс жасауға үйретеді. Партитураны өз бетінше оқып, талдау жасап, хор партитурасын фортепианода ойнауда жеке дайындығын көздейді.											
16	Хормен және балалар дауысымен жұмыс жасау	Хормен және балалар дауысымен жұмыс жасауда ақпараттық ресурстарды қолдана отырып, балалардың физиологиялық жас ерекшеліктеріне байланысты дауыстарға дұрыс бөлуді, хор ұжымында жұмыс жасауды және педагогикалық инновациялық технологияларды пайдалануды үйретеді. Концерттерде хор ұжымының кәсіби шығармашылық деңгейін көтеру мақсатында, хормейстерлердің заманауи идеяларын іске асыруға бағыттайды.	8	+			+		+	+	+		
	Хормен жұмыс жасау практикумы	Хормен жұмыс жасау практикумында топпен шығармашылық қарым-қатынаста болып, тиімді жұмыс жасауда креативтілік көрсетуге, әр партиямен жұмыс жасап, диафрагмалық тыныс алуда вокалды-хор дағдыларын дамытып, берілген шығарманы мәнерлі, сауатты және көркем орындай білу үшін оқушылардың физиологиялық ерекшеліктерін ескеруді көздейді.											
17	Аспаптық орындау және хорды дирижерлау	Аспаптық орындау және хорды дирижерлауда орындаушылық техникасын көрсету, шығарманы мәнерлі орындау, шығарманың орындаушылық ерекшеліктерінің ажырата білуге үйретеді. Орташа және жылдам темпте legato, non legato штрихтарында 2-3 дауысқа жазылған балалар, әйелдер, ерлер хорларына арналған шығармаларды дирижерлауда креативтілік көрсетуді көздейді.											

	Таңдау бойынша аспап және дирижерлау негіздері	Қызығушылығына қарай таңдалған аспаппен жұмыс жасау барысында аспаптың орындау ерекшеліктерін, аспаптың диапазоны мен орындау мүмкіндіктерін үйретеді. Хор ұжымының жетекшісінің тұлғалық дамуын, кәсіби шығармашылық деңгейін көтеру мақсатында көркемдік талғамдарын, хор өнеріне деген қызығушылықтарына креативтілік көзқарасын қалыптастырады. Музыка-теориялық білімін практикада қолдануды көздейді.	5	+	+		+	+	+			+	
18	Аспаптық және вокалды-дирижерлық жұмыс	Халық музыкасы шығармаларын аспапта орындауда теориялық білімдер негізінде орындаушылық шеберлікті дамытуды, оқыту барысында кәсіби шығармашылық деңгейін көтеру үшін халық музыкасының ең үздік туындыларын жоғары деңгейде ойнауды көздейді. 5/4, 5/8 өлшемдерді «5»-ке не «2»-ге дирижерлап, staccato әдісін қолдануы қарастырылады.											
	Негізгі музыкалық аспап және дирижерлық техника	Нотаны бірден оқу дағдыларына бейімдеп, аспапта орындау шеберлігін шыңдауда сольфеджиодан алған білімдерін қолдануды, кәсіби деңгейді көтеру мақсатында музыкалық шығармалармен өз бетінше жұмыс істеуді, дамытуда орындаушылық және дирижерлық шеберлікті шыңдауда музыкалық шығармалардың көркемдік орындаушылық техникасын дамытуды көздейді.	5	+		+	+		+			+	
19	Арнайы аспап және дирижерлық практикум	Репертуармен жұмыс жасауды, шығарманы өз бетінше интерпретациялауды, музыкалық орындаушылық дағдыларын қалыптастырып, шығармашылық жұмыс істеуде әуендік, үндестіктік және тембрлік естуді қарастырады. 6 үлесті өлшемдерді 6/4, 6/8 – «6»-ға және «2»-ге marcato штрихында allegro, vivo жылдамдықтарында											

		дирижерлауды үйретеді.																
	Аспаптық және дирижерлық өнер	Музыкалық шығармашылық жұмыс істеуде күрделі үлесті хор шығармаларын дирижерлауда жүйелі түрде дайындық жұмыстарын жүргізуді көздейді. Аспапта ойнау және дирижерлау саласында теориялық және практикалық дағдыларды кәсіби түрде қолдану проблемасын шешуде сүйемелдеуі бар шығармаларды аспапта орындау және дирижерлау техникасының дамуын қарастырады.	6	+	+	+	+											
20	Аспаптық шеберлік	Музыкалық-шығармашылық идеяларын, жинақталған материалдарға (күйлер, шығармалар, әндер және т.б.) сүйене отырып, орындаушылық шеберлігін ұштаудың тәсілдерін қарастырады. Музыкалық көркем құралдарды, музыкалық аспаптарды қолдана отырып, шағын композициялар шығару және импровизация жасауда өз жұмысын шығармашылықпен көрсету, критерийлерге сәйкес бағалау және өзінің орындау шеберлігін жетілдіруді көздейді.	4	+	+		+	+										
	Орындаушылық шеберлік	Аспапта орындау өнерін жіті білетін шебер орындаушы, ұйымдастырушы-ұстаз дайындауда оқу жетістіктерін критериялы бағалауды, теориялық білім қорын ұстаздық машығына кірістіруде музыкалық қабілетті нығайтуды, әртүрлі шығармаларды интерпретациялауды, репертуар таңдап, сахнаға дайындауға жеке дайындық дағдыларын қарастырады.																
21	Дирижерлық шеберлік	Берілген музыкалық шығарманы хор ұжымына дауыстарын бөліп үйретуде командалық жұмысқа баулуды, музыкалық шығармашылық жұмыста күрделі, ауыспалы өлшемдермен жұмыс жасауды, музыкалық шығармаларды хорға үйретуді, хорды креативтік тұрғыдан басқаруды, репертуарды																

		талдап, сахнаға дайындауды көздейді.											
	Хорды басқару	Музыкалық шығармашылық жұмыс жасауда хормен шығарманы аралас екпінде дирижерлап, оның өлшемдік ауысуын, полифония элементтері бар шығармаларды орындауды, оның фактурасын талдауын, дыбыс күшейткіштері мен мәнерліліктерді дұрыс көрсетуін үйретеді. Сонымен қатар хорды креативті және коммуникативті тұрғыдан басқаруда дирижердың кәсіби деңгейін көтеру мақсатында жүйелі түрде білімін жетілдіруін көздейді.	4	+	+		+		+				
БЕЙІНДЕУШІ ПӘНДЕР ЦИКЛІ													
Жоғары оқу орны компоненті													
22	Музыка теориясы және сольфеджио	Музыкалық теориялық білімдерін сольфеджиолауда қолданып нота мәтінін дұрыс оқу әдісін, музыкалық-теориялық терминологиялары мен музыканың негізгі құралдарын (дыбыс, режим, тональдік, интервал, аккорд, хроматизм, модуляция және ауытқу, музыкалық сөйлем құрылымы), ноталық мәтінді бірден оқудың әдісін меңгеруді, сонымен қатар жүйелі түрде дайындалуда АКТ мен ЦБР қолдануды қарастырады.	8			+	+	+			+		
23	Музыканың тарихы мен өнер түрлері	Өзге өнер түрлері мен (бейнелеу өнері, хореография, поэзия) музыка өнерін интеграциялау арқылы әлем тұтастығының бейнесі жөнінде түсінік беруді, кәсіби музыка өнерінің қалыптасу, даму, өркендеу кезеңдерін, музыка тарихы мен фольклор туралы білімдерін дамытуды, әр ғасырдың музыкасының стильдік айырмашылығын зерттеу әдістерін қарастырады.	5			+	+						+
24	Заманауи музыка мәдениеті	Отандық және шетелдік заманауи мәдениеттің дамуын, музыка өнеріндегі жаңа бағыттарды, заманауи жанрларды, әртүрлі стильдегі және											

		жанрдағы әндердің орындалу түрлерін айқындайды. Отандық және шетелдік сазгерлердің шығармашылықтарына, музыкалық-шығармашылық еңбектеріне талдау жасалынып, орындаушылық бағыттарына тұжырымдама жасауды үйретеді.	5		+	+	+						
25	Гармония, музыкалық талдау және өңдеу технологиясы	Берілген әуенді гармонизациялау мен секвенцияларды фортепианода ойнауды, сонымен қатар шығарманың құрылымы, формасы мен мазмұнының бірлігіне, халық музыкасы мен классикалық шығармаларға, заманауи музыканың озық үлгілерімен таныстырып, талдауға бағыттайды. Оқу үрдісіне АКТ-ны қолданып, Encore ноталық редакторларында ноталық мәтінді теріп, әуеннің дыбысталуын есту және өңдеу технологияларын қолдануды үйретеді.	5		+	+		+		+			+
26	Музыкалық білім беруді зерттеу негіздері	Музыкалық педагогикалық ғылымын зерттеу әдістеріне өз бетінше тұжырымдама жасап, іздену барысында АКТ мен ЦБР, сондай-ақ зерттеу нәтижелерін өңдеу әдістерін қолдана отырып, қоғамдық тұрғыдан маңызды және өзекті мәселелерді шешуге бағытталған ғылыми процестер мен нәтижелерін айқындауды үйретеді.	5		+	+	+			+			
БЕЙІНДЕУШІ ПӘНДЕР ЦИКЛІ													
Таңдау компоненті													
27	Аспапта орындаудың әдістері	Аспаптардың жіктелуін, орындау әдістерінің ерекшеліктерін, аспапта ойнауды үйрету әдістерін, техникалық дағдыларды дамытуда гамма, арпеджио, аккордтарды жаттығу әдісімен орындаушылық жұмысты көздейді. Ірі формадағы шығармаларды репертуарға қосып, ансамбльде ойнауды үйретуге, есту қабілетін дамытуға және жазылған нота мәтінін аспапта орындауға баулиды.	5		+		+		+				+
28	Дирижерлаудың	Үздік хор ұжымдарының және ұлы											

	әдістері	хормейстерлердің жетістіктері жайлы, жалпы хор орындаушылығының тарихи мағлұматтары, хор жүргізудің өзекті мәселелері, дирижердың алдына орындаушы ретінде қойылған міндеттер талдауы қарастырылады. Хор партитураларымен жұмыс жасауды үйрету және дирижерлау техникасының практикалық жұмыстарында дирижерлық жетті қолданудың қажетті дағдылары мен біліктерін игеру көзделеді.	5		+		+		+				+	
29	Аспаптық ансамбль құрудың әдістері	Шығармашылық белсенділік пен ізденімпаздылықты дамыта, ансамбльмен шығармашылық жұмыс істеуде партитурамен жұмыс жасауды, аспаптық орындаушылық дағдыларды меңгеруді үйретеді. Музыкалық шығармаларды орындауды, концерттерге ансамбльді дайындау және кәсіби, әуесқой ұжымдарды басқаруда креативтілікті көрсетуді көздейді.	5		+		+		+					
30	Вокалды-аспаптық топты құру әдістері	Берілген шығармадан вокалды-аспаптық композиция жасауда өзінің және басқалардың идеяларын іске асыруды, музыкалық топтың аспаптық ерекшеліктерін, жеке әншімен және командалық жұмыс жасаудың өзгешеліктерін анықтайды. Вокалды-аспаптық топта электронды аспаптарда ойнауды және вокалдық техниканың практикалық дағдысын меңгеруді, музыкалық шығармашылық жұмыс жасауда репертуарды іріктеу және аспаптар мен дыбыс күшейткіш аппаратураның құралдарын қолдануды үйретеді.	5		+		+		+					
31	Дауыс қоюдың негіздері	Дауыс қоюда вокалдық-теориялық білімдердің негізінде дауыстың жасқа байланысты даму ерекшеліктерін, «аппаратпен» жұмыс жасауда дауысты дұрыс қоюды, диапазонына сай репертуар												

		таңдап, әннің мазмұнын тыңдаушыға жеткізуді, интонациясының таза, физиологиялық ерекшелігін ескеріп, дикциясының анық шығуын, әнді жинақы жабық дауыспен айтудың негіздерін үйретеді.	5	+	+			+			+	+	
32	Дәстүрлі ән айту негіздері	Халық әндерін стиліне, бағытына сәйкес ажыратуды және «сал-серілер» дәстүрінің ерекшеліктерін сақтай отырып орындау тәсілдерінің негіздерін үйретеді. Халық әндерін орындауда иірімдері мен мақамдарын сақтай отырып, оқушылардың физиологиялық ерекшеліктеріне сәйкес ән айтуды көздейді.	5	+	+			+			+	+	
33	Эстрадалық ән айту негіздері	Эстрадалық ән айту практикасын қалыптастыру үшін сахнада жеке өнер көрсетуді, интонациялық тазалықты сақтауды, әннің көркемдік образын ашуды, әуеннің екінші-үшінші дауыстарын алу тәсілдерін үйретеді. Музыкалық шығармашылық жұмыс жасауда эстрадалық ансамбльмен әндетудің техникасын меңгеру, микрофонмен және дыбыстық аппаратурамен жұмыс істеуді көздейді.	5	+	+	+	+			+			
34	Академиялық вокал негіздері	Әншілік тыныс алудың негізгі ережелеріне, дауыстың вокалдық техникасына, резонаторлар, артикуляциялық аппарат және диапазонды кеңейту жұмыстарын саналы түрде қою тәсілдерін үйретеді. Вокалды-педагогикалық білімін нығайтуды, академиялық ән салу мәнерінің әдістемесін, мәдени іс-шараларда аппаратураны қолданып өткізуге, репертуар дайындап, шығармашылық жұмысқа қызығушылық пен коммуникативтілікті көздейді.	5	+	+	+	+			+			